ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

20 караша 2023 жылғы 6309-23-00-2/2308 іс Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ибраева Н.Е.,
хатшылықта сот отырысының хатшысы Ф. Бабаштың қатысуымен
ашық сот отырысында талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Талғат Бигелдинов атындағы № 1 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Байжиенова Кымбат Тлегеновна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Хажмуханов А.
талап қоюшы өкілі Дильдабекова С.
жауапкер Байжиенова К.Т.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

31 шілде 2023 жылы Астана қаласы әкімдігінің «Талғат Бигелдинов атындағы № 1 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен ИП Байжиенова өнім берушісі арасында №218 мемлекетік сатып-алу шарты жасалған. Шарттың жалпы соммасы 391 002 теңгені құрады. Шарт бойынша жеткізу мерзімі - шарт жасалған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 15 августа 2023ж.

Талап қоюшы жауапкердің бүгінгі күнге дейін шарттың орындалмағанына байланысты, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбы 7429 тенге өндіру туралы талап арызымен сотқа жүгінді.

Жауапкерден қарсы пікір түскен жоқ.

Талап қоюшы өкілі жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызын толығымен қолдады.

Жауапкер сот отырысында талап арызды мойындады, және тауарды сипаттамаға сәйкес келмегендіктен тапсырыс берушінің қабылдамағанын түсіндірді.

Прокурор талап арызды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талабы бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекстің 272 бабына сәйкес, міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

АК-ң 349 бабына сәйкес мідеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау) тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 12 бабының 4 тармағының 5 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Сот, жауапкердің өз міндеттерін орындамағаны сотта зерттелген құжаттармен өз дәлелін толық тапқанын және жауапкер мұны жоққа шығаратын дәлелдемелерді сотқа ұсынбағанын ескере отырып, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы толық қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

№2 талабы бойынша

Шарттың 7.3 тармақшасында, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық ұстайды (өндіріп алады).

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 24.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 28.12.2023, судья Ибраева Н. Е., 05.01.2024
6309-23-3-1/2525

Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс, деп көрсеттілген.

Сот, АК 293 бабына сай, талап қоюшымен есептелген тұрақсыздық айыбы заңды саналып 7429 теңге тұрақсыздық айыбы өндіру бойынша талабы қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Мемлекеттік баж төлемі АПК-ң 117 бабы негізінде жауапкерден мемлекет пайдасына өндірілуге тиісті.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Талғат Бигелдинов атындағы № 1 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер дара кәсіпкер Байжиенова Кымбат Тлегеновнаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер Байжиенова Кымбат Тлегеновна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер Байжиенова Кымбат Тлегеновнадан талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Талғат Бигелдинов атындағы № 1 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 7429 (жеті мың төрт жүз жиырма тоғыз) теңге, мемлекеттік баж салығы 222 (екі жүз жиырма екі) теңге өндірілсін.

Жауапкер дара кәсіпкер Байжиенова Кымбат Тлегеновнадан мемлекеттің пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар және (немесе) прокурор шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Шығыс қазақстан облысының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья: **Ибраева Н.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 24.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 28.12.2023, судья Ибраева Н. Е., 05.01.2024
6309-23-3-1/2525